


PHILIPS

Сымсыз үй динамигі

TAW6205

Пайдаланушы нұсқаулығы



Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:
www.philips.com/support

Мазмұны

8	Ақаулықтарды жою	16
9	Құлақтандыру	18

1	Маңызды	3
	Қауіпсіздік	3
	Көмек және қолдау	3
2	Сымсыз динамик	4
	Қораптағы заттар	4
	Динамикті шолу	4
3	Іске кірісу	6
	Қуатты жалғау	6
	Қосу және өшіру	6
4	Жалғау	7
	Wi-Fi желісіне жалғау (сымсыз жұмыс)	7
5	Жарықтандыру	10
	Ambilight теледидарымен жұптастыру	10
	Музыкаға еру	10
	Көңіл-күй жарығы режимі	11
	Жарықтықты реттеу	11
	ЖШД жарығын өшіру	12
	Шолу	12
6	Ойнату	13
	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	13
	Ойнатуды басқару	13
	Сыртқы құрылғыны тыңдау	13
	Spotify желісін тыңдау	13
	Микробағдарламаны жаңарту	14
7	Өнім спецификациялары	15

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Қуат көзінің кернеуі құрылғының артындағы немесе астындағы кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Динамикке сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Кез келген қауіп көзін динамик үстіне қоймаңыз (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жанып тұрған шамдар).
- Желдету үшін динамик айналасында орын жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
- Динамикті температурасы 0°C және 45°C аралығындағы ортада қауіпсіз қолданыңыз.
- Өндіруші көрсеткен қосымшаларды және аксессуарларды ғана қолдануға болады.



Ескерту

- Осы динамик корпусын алып тастауға болмайды.
- Осы динамиктің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
- Осы динамикті түзу, қатты және тұрақты жерге қойыңыз.
- Осы динамикті басқа электр жабдықтың үстіне қоюға болмайды.
- Осы динамикті тек ғимарат ішінде қолдануға болады. Осы динамикті судан, ылғалдан және сұйықтық құйылған заттардан аулақ ұстау керек.
- Осы динамикті тікелей түсетін күн сәулелерінен, ашық жалыннан немесе қызудан аулақ ұстау керек.
- Батарея дұрыс түрімен ауыстырылмаса, жарылу қаупі туындайды.

5 ГГц WiFi құрылғысы үшін

Іргелес арналардағы мобильді-жерсерік жүйелеріне кедергі келтірмеу үшін 5150–5350 МГц диапазонында жұмыс істейтін құрылғылар ғимарат ішінде ғана қолданылуға арналған.

AT	BE	BG	CZ	DK	EE	FR	
DE	IS	IE	IT	EL	ES	CY	
LV	LI	LT	LU	HU	MT	NL	
NO	PL	PT	RO	SI	SK	TR	
FI	SE	CH	UK	HR			

Көмек және қолдау

Кеңейтілген қолдау алу үшін www.philips.com/support сайтына кіріп, төмендегілерге қол жеткізіңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығын және қысқаша нұсқаулықты жүктеп алу
- түсіндіру бейнелерін көру (тек таңдаулы модельдер үшін қолжетімді)
- жиі қойылатын сұрақтардың (ЖҚС) жауабын табу
- бізге электрондық хатпен сұрақ қою
- қолдау көрсету қызметінің өкілімен әңгімелесу

Вебсайттағы нұсқауларды орындап, қажетті тілді таңдаңыз да, одан кейін өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.

Еліңіздегі Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына да хабарласуға болады. Хабарласпас бұрын, өнімнің модель нөмірін және сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл мәліметтерді өнімнің артынан немесе түбінен көруге болады.

2 Сымсыз динамик


Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: www.philips.com/support.

Қораптағы заттар

Қаптамадағы заттарды тексеріп, оларды анықтаңыз:

- Динамик
- Қуат кабелі
- Қысқаша нұсқаулық
- Қауіпсіздік парақшасы
- Халықаралық кепілдік

Динамикті шолу



①



- Жағдайды көрсету.
- Ambilight теледидарымен жұптастыру режиміне кіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз.
- ЖШД шамы режимін таңдау үшін басыңыз.

②



- Дыбыс деңгейін көтеру немесе төмендету үшін басыңыз.
- ЖШД шамының жарықтығын көбейту үшін және түймесін басыңыз.
- ЖШД шамының жарықтығын азайту үшін және түймесін басыңыз.

③



- Bluetooth/Play-Fi арқылы ойнату кезінде ойнату, кідірту немесе жалғастыру.
- ЖШД шамының келесі түсін таңдау үшін және түймесін бір рет басыңыз.

④

Wi-Fi ЖШД индикаторы (ақ)

ЖШД күйі	Күйі
Жыпылықтайды	Wi-Fi байланыс нүктесі (AP) режимі
Екі реттен жыпылықтайды	Wi-Fi қорғалған орнату (WPS) режимі
Тұрақты жанып тұр	Жалғанды / жұптастырылды

⑤



Wi-Fi параметрлерін орнату түймесі

- Play-Fi үшін Wi-Fi параметрлерін орнату процесін іске қосу.
- WPS режимін іске қосу үшін 3 секунд басып тұрыңыз.
- Байланыс нүктесі режимін іске қосу үшін 8 секунд басып тұрыңыз.

- ⑥  **Қызмет көрсетуге арналған**
- USB ұясы тек бағдарламалық құралды жаңартуға арналған. Ойнату функциясы жоқ.

- ⑦  **АТ ~ ұясы**
- Қуат көзіне жалғау.

- ⑧ 
- Жұптастыру функциясын іске қосу немесе ағымдағы жұптастырылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін басып тұрыңыз.

- ⑨  **ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ**
- Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіру үшін үшкір затпен 5 секунд басып тұрыңыз.

- ⑩  **AUX IN**
- Сыртқы аудио құрылғыға арналған аудио кіріс ұясы (3,5 мм).

- ⑪ **Кірістірілген ЖШД шамы**

3 Іске кірісу

Қуатты жалғау

- Динамик АТ кірісінен қуат алады.
- Динамиктегі АС IN ұясын бірге берілген қуат кабелімен розеткаға ($19\text{ В} \approx 2,1\text{ А}$) жалғаңыз.
- Өнімге зақым келу қаупі бар! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

ЖШД күйі	Күйі
20 секунд көк түсті болып, айналып тұр	Роутерге жалғануға әрекет жасалуда
Өшіп тұр	Wi-Fi байланысы орнатылды
5 секунд қызыл түспен жыпылықтайды	Wi-Fi байланысы жұмыс істемейді

Қосу және өшіру

Динамикті өшіру үшін қуат кабелін розеткадан ағытыңыз.



Ескертпе

- 15 минут пайдаланушы қолданбаса және музыка ойнамаса, динамик автоматты түрде өшеді.


4 Жалғау

Wi-Fi желісіне жалғау (СЫМСЫЗ ЖҰМЫС)

(iOS және Android нұсқасы үшін)


Осы құрылғы мен мобильді телефондарды, планшеттерді (мысалы, iPad, iPhone, iPod touch, Android телефондары, т.б.) бір Wi-Fi желісіне жалғаған жағдайда, саундбарды басқарып, аудио файлдарды тыңдау үшін DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound APP қолдана аласыз.

- 1 Телефонды немесе планшетті сымсыз динамикті жалғайтын Wi-Fi желісіне жалғаңыз.
- 2 DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound APP телефонға немесе планшетке жүктеп алып, орнатыңыз.




- Роутер қосылып және дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.


- 3 Wi-Fi байланысын іске қосу үшін корпусың артындағы Wi-Fi түймесін 8 секунд басып тұрыңыз.
 - ↳ Динамиктен екінші дыбыстық сигнал естілгенше күтіп, одан кейін түймені жіберіңіз.



- 4 Жоғарғы панельдегі Wi-Fi шамының индикаторы жылдам жыпылықтау күйінен баяу лүпіл күйіне ауысқанша күтіңіз. Баяу лүпіл динамиктің Wi-Fi параметрлерін орнату режиміне кіріп жатқанын білдіреді.



- 5 DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound App қолданбасын іске қосыңыз. Осы өнімді Wi-Fi желісіне жалғау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.



Тек iOS нұсқасы үшін

Өнімнің Wi-Fi параметрлерін орнатуды аяқтау үшін iPhone-да қолданылатын Wi-Fi желісін Play-Fi құрылғысының байланыс нүктесіне уақытша ауыстырып, Philips Sound APP қолданбасын өшіріп, қайта қосу керек.

Төмендегі қадамдарды қараңыз:

- Параметрлер тармағына өтіңіз.



- Wi-Fi параметрін таңдаңыз.




- Wi-Fi параметрлері ішінен Play-Fi құрылғысын таңдаңыз




- Параметрлерді орнатуды жалғастыру үшін Philips Sound APP қайта кіріңіз.




- 6** Wi-Fi байланысы орнатылғаннан кейін, жоғарғы панельдегі Wi-Fi шамының индикаторы лүпілдеуін тоқтатып, тұрақты жана бастайды. Осы өнімді Wi-Fi желісінде реттегеннен кейін, оны сол желідегі кез келген смартфоннан немесе планшеттен басқару мүмкін болады.



- 7** Байланыс орнатылғаннан кейін, құрылғы атауын өзгертуге болады. Бірнеше атаудың бірін таңдауға немесе атаулар тізімінің соңындағы Custom Name опциясын таңдап, өз атауыңызды белгілеуге болады. Әйтпесе оған әдепкі атау белгіленеді.



- 8** Жалғанғаннан кейін, осы өнім бағдарламалық құралды жаңартуы мүмкін. Бастапқы параметрлерді орнатқан кезде, ең соңғы бағдарламалық құралға дейін жаңартыңыз. Бағдарламалық құралдың жаңартылуына бірнеше минут кетуі мүмкін. Жаңарту кезінде динамикті ағытпаңыз, құрылғыны өшірмеңіз немесе желіден шықпаңыз.



AirPlay параметрлерін орнату

iOS құрылғысы (iOS7 немесе одан кейінгі) мен саундбардың Wi-Fi байланысының параметрлерін орнату үшін AirPlay функциясын қолданыңыз.

- 1 iOS құрылғысы: Параметрлер > Wi-Fi > үй желісін таңдау [**Play-Fi Device (xxxxxx)**].
- 2 DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound App қолданбасын іске қосыңыз. Осы өнімді Wi-Fi желісіне жалғау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.
 - ↳ Wi-Fi байланысы орнатылғаннан кейін, корпустың алдыңғы жағындағы Wi-Fi шамының индикаторы лүпілдеуін тоқтатып, тұрақты жана бастайды. Осы өнімді Wi-Fi желісінде реттегеннен кейін, оны сол желідегі кез келген смартфоннан немесе планшеттен басқару мүмкін болады.
 - ↳ Қолданбаны музыка ойнату үшін қолданған кезде, дисплей панелінде **PLAY-Fi** жазуы көрсетіледі.
- 3 Байланыс орнатылғаннан кейін, құрылғы атауын өзгертуге болады. Бірнеше атаудың бірін таңдауға немесе атаулар тізімінің соңындағы Custom Name опциясын таңдап, өз атауыңызды белгілеуге болады. Әйтпесе оған әдепкі атау белгіленеді.
- 4 Жалғанғаннан кейін, осы өнім бағдарламалық құралды жаңартуы мүмкін. Бастапқы параметрлерді орнатқан кезде, ең соңғы бағдарламалық құралға дейін жаңартыңыз. Бағдарламалық құралдың жаңартылуына бірнеше минут кетуі мүмкін. Жаңарту кезінде динамикті ағытпаңыз, құрылғыны өшірмеңіз немесе желіден шықпаңыз.



Ескертпе

- Жалғанғаннан кейін, өнім бағдарламалық құралды жаңартуы мүмкін. Бастапқы параметрлерді орнатқаннан кейін жаңарту қажет. Жаңарту орнатылмаса, барлық өнім мүмкіндіктері қолжетімді болмайды.
- Бастапқы параметрлерді орнату сәтсіз болса, динамиктегі Wi-Fi түймесін екінші дыбыстық сигнал естіліп, Wi-Fi шамы баяу лүпілдей бастағанша 8 секунд басып тұрыңыз. Wi-Fi байланысын қайта орнатып, қолданбаны өшіріп, қайта іске қосыңыз да, параметрлерді орнату процесін қайта бастаңыз.
- Бір желіден басқа желіге ауыстырғыңыз келсе, байланыс параметрлерін қайта орнату қажет. Wi-Fi байланысын қайта орнату үшін динамиктегі  (Wi-Fi) Wi-Fi түймесін 8 секунд басып тұрыңыз.

WPS режимі

Роутеріңізде Wi-Fi қорғалған орнатуы (WPS) болса, байланысты құпиясөзді енгізбей-ақ орната аласыз.

- 1 Wi-Fi түймесін 4 секунд басып тұрыңыз. Дыбыстық сигнал естіліп, Wi-Fi шамы екі реттен жыпылықтай бастайды.
- 2 Роутердегі WPS түймесін басыңыз. Түймеде әдетте мына WPS логотипі болады. 
- 3 Жұптастыруды бастау үшін DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound APP нұсқауды орындаңыз.



Ескертпе


- WPS — барлық роутерлерде болатын стандартты мүмкіндік емес. Роутеріңізде WPS мүмкіндігі болмаса, стандартты Wi-Fi параметрлерін орнату процесін орындаңыз.
- WPS режимінен шыққыңыз келсе,  (Wi-Fi) түймесін бір рет басыңыз немесе ол 2 минуттан кейін автоматты түрде шығады.

5 Жарықтандыру

Динамиктің кірістірілген ЖШД шамын Philips Ambilight теледидарының түстеріне қарай өзгеріп отыратын етіп реттеуге болады. Сондай-ақ шамды алдын ала орнатылған түс стилін көрсететін етіп реттеуге немесе шамды өшіруге болады.

Шам режимін ауыстыру үшін динамиктегі  түймесін қайта-қайта басыңыз:

1. Ambilight жүйесімен бірге жұмыс істеу,
2. Көңіл-күй жарығы, 3. Өшірулі.



Ambilight теледидарымен жұптастыру

Динамиктерді Ambilight теледидарының түстеріне байланысты өзгеретіндей етіп реттеңіз. Динамик ТД экранының Ambilight әсерін кеңейтеді.

Динамик мына Philips Ambilight ТД қатарларымен жұмыс істейді:


Өңір/жыл	2019 қатары	2020 қатары
Еуропа	OLED984/OLED934 OLED854/OLED804 8804/8204 7504/7394/7354/ 7334/7304	OLED935 OLED865/OLED855/ OLED805 9435/9235/9005 8555/8545/ 8535/8505
Азия-Тынық мұхиты аймағы	OLED984 OLED804 7374	OLED935 OLED805 8265/8215

Ескертпе

- Жұптастыру мерзімі 2 минуттан кейін аяқталады.

- 1 Бастапқы параметрлерді орнатуға кіріспес бұрын, динамик пен ТД бір Wi-Fi желісіне жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- 2 Phillips Ambilight теледидарын қосыңыз. Ambilight теледидарын жұптастыру процесін теледидарда жасау керек.
- 3 Конфигурацияны суретте көрсетілгендей Ambilight теледидарында іске қосыңыз:

Settings > Ambilight > Ambilight extension > Ambilight+Philips Wireless Home Speakers > Configure.
- 4 Теледидардағы параметрлерді орнату нұсқауын орындаңыз.
Ол Ambilight теледидарымен жұптастыру режиміне кіру үшін динамиктегі  түймесін басуды сұрайды.



- 5 Динамик жұптастыруға дайындалғанда, ЖШД шамдары сары түспен жыпылықтайды.
- 6 Динамик Ambilight теледидарымен жұптастырылған кезде, динамиктегі ЖШД шамы Ambilight теледидарына ереді.

Музыкаға еру


Байланыстырылған Ambilight ТД болмаса немесе ТД ағытылып тұрса, музыка ойнату кезінде динамиктегі ЖШД шамы автоматты түрде Музыкаға еру режиміне ауысады. Дыбыс серпініне қарай өзгеретін стильдердің бірін таңдауға болады.

1 ЖШД шамын орнату үшін динамиктегі  түймесін 1-ші «Ambilight жүйесімен бірге жұмыс істеу» режиміне басыңыз.


2 Алдын ала орнатылған түс стильдерінің бірін таңдауға болады. Түсті орнату үшін  және  түймесін басып, қалаған түс стилін таңдаңыз.

Қолжетімді Музыкаға еру стильдері:

- Жұмсақ ақ – әдепкі тұрақты түс
- Ыстық лава – ауыспалы қызыл түс
- Терең су – ауыспалы көк түс
- Жасыл табиғат – ауыспалы жасыл түс
- Сарғылт – ауыспалы сарғылт түс
- Лимон – ауыспалы сары түс
- Бөртегүл – ауыспалы ақшыл күлгін түс



- Жасыл табиғат – тұрақты жасыл түс
- Сарғылт – тұрақты сарғылт түс
- Лимон – тұрақты сары түс
- Бөртегүл – ақшыл күлгін тұрақты түс




Ескертпе

- Көңіл-күй жарығы режимінде қуатты жалғанған күйінде ұстаңыз. Көңіл-күй жарығы режимінде желі немесе Bluetooth байланысы қажет емес.


Жарықтықты реттеу

ЖШД шамының жарықтық деңгейін орнатыңыз.

- ЖШД шамының жарықтығын көбейту үшін  және  түймесін басыңыз.



- ЖШД шамының жарықтығын азайту үшін  және  түймесін басыңыз.



Көңіл-күй жарығы режимі

Динамиктің көңіл-күй жарығы режимі (Лаундж режимі) ЖШД шамын (тұрақты жарық) аудио ойнатылып жатқанда немесе ойнатылып жатпағанда қосуға мүмкіндік береді.

Соның арқасында бөлмеңізді ЖШД шамымен жарықтандыра аласыз.

1 ЖШД шамын орнату үшін динамиктегі  түймесін 2-ші «Көңіл-күй жарығы» режиміне басыңыз.

2 Алдын ала орнатылған түс стильдерінің бірін таңдауға болады. Түсті орнату үшін  және  түймесін басып, қалаған түс стилін таңдаңыз.

Қолжетімді көңіл-күй жарығының стильдері:

- Жұмсақ ақ – әдепкі тұрақты түс
- Ыстық лава – тұрақты қызыл түс
- Терең су – тұрақты көк түс

ЖШД жарығын өшіру

ЖШД шамын өшіру үшін динамиктегі  түймесін 3-ші «Өшірулі» режиміне басыңыз.

Шолу

	Режим	Ambilight ТД	ЖШД күйі	Әрекет
1	Ambilight теледидарына еру	Жұптастырылды	Ambilight теледидарының түсіне қарай өзгереді	Жұптастыру режиміне кіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз.
	Музыкаға еру	Жұптастырылмаған	Ойнатылып жатқан музыка ырғағына қарай өзгереді	- Түсті таңдау үшін  және  түймесін басыңыз. - Жарықтықты көбейту/азайту үшін  және  түймесін басыңыз.
2	Көңіл-күй жарығы (Лаундж режимі)		Тұрақты түс	
3	Өшірулі		Өшірулі	

6 Ойнату

Bluetooth құрылғыларынан ойнату

Осы динамикпен Bluetooth құрылғысынан аудио тыңдай аласыз.

Ескертпе

- Құрылғыңызда Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик пен Bluetooth құрылғысын жұптастырудың максималды арақашықтығы — 20 метр (66 фут).
- Кедергі түзуі мүмкін кез келген басқа электрондық құрылғыдан аулақ ұстаңыз.

- 1 Bluetooth арқылы жұптастыру режиміне кіру үшін корпустың артындағы  түймесін 8 секунд басып тұрыңыз.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз, одан кейін байланыс орнату үшін “**Play-Fi Device (XXXXXX)-BT**” опциясын тауып, оны таңдаңыз.
- 3 Bluetooth құрылғысында аудио файлдарды немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.

ЖШД индикаторы	Сипаттама
Көк түспен баяу жыпылықтау	• Жұптастыруға дайын • Ең соңғы жалғанған құрылғыға қайта жалғануда
Тұрақты көк түс	Жалғанды

Ескертпе

- Құрылғыны ағыту үшін ЖШД индикаторы көк түспен жылдам жыпылықтағанша  түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- Динамикті қосқан кезде, ол соңғы дұрыс жалғанған құрылғыға автоматты түрде қайта жалғануға әрекет жасайды.
- Жұптастыру ақпаратын тазалау үшін ЖШД индикаторы көк түспен 3 рет баяу жыпылықтағанша  түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.


Ойнатуды басқару

Музыка ойнатылып жатқанда

 Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз

 Дыбыс деңгейін реттеу

Сыртқы құрылғыны тыңдау



Аудио файлдарды немесе музыканы ойнату үшін MP3 ойнатқышын жалғаңыз.

Қажетті заттар

- MP3 ойнатқышы.
- 3,5 мм стерео аудио кабель.

- 1 3,5 мм стерео аудио кабельмен MP3 ойнатқышын осы өнімдегі **AUDIO IN** ұясына жалғаңыз.
- 2 Аудио файлдарды немесе музыканы таңдау және ойнату үшін MP3 ойнатқышындағы түймелерді басыңыз.

Spotify желісін тыңдау

Телефонды, планшетті немесе компьютерді Spotify үшін пульт ретінде қолданыңыз. spotify.com/connect сайтына кіріп, тиісті мәліметті қараңыз.

Микробағдарламаны жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктерге және қолдауға қол жеткізу үшін өнімді ең соңғы микробағдарлама нұсқасымен жаңартыңыз.

1-опция:

Микробағдарламаны Philips Sound APP арқылы жаңарту (Settings > PS Fine Tune)

Микроконтроллер мен цифрлық аудио сигнал процессорының микробағдарламасын DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound APP арқылы жаңартуға болады. Оны тексеру үшін **Settings** мәзіріне кіріп, **PS Fine Tune** опциясын таңдаңыз. Жаңарту шығарылған болса, автоматты түрде орындау үшін Жаңарту белгішесін басыңызға болады. Осы өнім Wi-Fi желісіне жалғанғаннан кейін, ол сымсыз микробағдарлама жаңартуын ала алады. Осы өнімнің өнімділігін жақсарту үшін әрдайым ең соңғы микробағдарлама нұсқасымен жаңартып отырыңыз.

2-опция:

Микробағдарламаны USB арқылы жаңарту

- 1 Ең соңғы микробағдарлама нұсқасының бар-жоғын мына сайттан тексеріңіз: www.philips.com/support.
Моделіңізді іздеп, “Бағдарламалық құрал мен драйверлер” (Software and drivers) тармағын басыңыз.
- 2 Микробағдарламаны USB флэш құралына жүктеп алыңыз.
- 3 Микробағдарламаны жаңарту үшін нұсқауларды орындаңыз.

7 Өнім спецификациялары



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Жалпы ақпарат

Қуат көзі	100-240 В~, 50/60 Гц
Өлшемдері (Е x Б x Т)	115 x 212 x 116 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	1,79 кг

Күшейткіш

Шығыс қуат	40 Вт RMS
Жиілік сипаттары	20–20000 Гц
Сигнал/шу арақатынасы	> 70 дБ

Динамиктер

Импеданс	40 ом
Кіріс қуат	30 Вт (вуфер), 10 Вт (твиттер)
Динамик драйвері	1 x 3,5 дюйм вуфер, 1 x 1 дюйм твиттер, 2 x пассив радиатор

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	4.2
Жиілік ауқымы	2402–2480 МГц
Максималды таратқыш қуаты	3 дБм
Үйлесімді Bluetooth профильдері	A2DP
Bluetooth ауқымы	шамамен 20 м

Қолдау көрсетілетін желілер

Сымсыз желі	802.11 a/b/g/n/ac
2,4 ГГц Wi-Fi таратқышының жиілік ауқымы	2412–2472 МГц
2,4 ГГц Wi-Fi таратқышының қуаты	20±2 дБм
5 ГГц Wi-Fi таратқышының жиілік ауқымы	5725–5825 МГц
5 ГГц Wi-Fi таратқышының қуаты	12±2 дБм

Қуат тұтыну

Қуат тұтыну	30 Вт
Жартылай күту режимінде қуат тұтыну мөлшері	6 Вт

8 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Ток соғу қаупі. Құрылғы корпусын алып тастауға болмайды.

Кепілдік күшін сақтауы үшін өнімді өз қолыңызбен жөндеуге әрекет жасаушы болмаңыз.

Осы өнімді қолдануға қатысты мәселелерге тап болсаңыз, қызмет көрсетуге тапсырыс бермес бұрын, төмендегі жағдайларды тексеріңіз. Мәселелер сонда да шешілмесе, мына сайттан қолдау алыңыз: www.philips.com/support.

Жалпы

Қуат жоқ

- АТ розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Динамиктің АС IN ұясы дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат үнемдеу үшін, 15 минут ешқандай аудио сигнал қабылданбаған немесе ешқандай аудио құрылғы жалғанбаған жағдайда, динамик автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ

- Осы динамиктің дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Жалғанған құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз.
- AUDIO IN режимінде Bluetooth арқылы музыка ойнату тоқтатылғанына көз жеткізіңіз.
- Bluetooth құрылғыңыз жұмыс қашықтығы ішінде екеніне көз жеткізіңіз.

Динамик жауап бермейді

- Динамикті өшіріп, қайта қосыңыз.

Bluetooth

Жалғанған Bluetooth құрылғысынан ойнатылған аудио сапасы нашар.

- Bluetooth сигнал күші нашар. Құрылғыны динамикке жақындатыңыз немесе құрылғы мен динамиктің арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Bluetooth құрылғымда осы құрылғының Bluetooth атауын таба алмадым

- Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны Bluetooth құрылғысымен қайта жұптастырыңыз.

Bluetooth құрылғыммен байланыс орнату мүмкін емес

- Құрылғыңыздың Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолын көру үшін құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Осы динамик жұптастыру режимінде тұрған жоқ.
- Осы динамик Bluetooth функциясы қосылған басқа құрылғыға жалғанып тұр. Ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Wi-Fi

Wi-Fi байланысын орнату мүмкін емес

- Роутерде WLAN желісінің бар-жоғын тексеріңіз.
- Wi-Fi роутерін құрылғыға жақынырақ қойыңыз.
- Құпиясөз дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.
- WLAN функциясын тексеріңіз немесе модем мен Wi-Fi роутерін өшіріп, қайта қосыңыз.

Play-Fi

Қолданбадан Play-Fi функциясын қолдайтын құрылғыларды табу мүмкін емес.

- Құрылғы Wi-Fi желісіне жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Play-Fi музыкасын ойнату мүмкін емес

- Оператор қызметін тоқтатса, құрылғы арқылы қол жеткізетін кейбір желілік қызмет немесе мазмұн қолжетімді болмауы мүмкін.
- Бастапқы параметрлерді орнату сәтсіз болған жағдайда, DTS Play-Fi функциясы негізінде жұмыс істейтін Philips Sound APP жабыңыз. Қолданбаны өшіріп, қайта іске қосыңыз.
- Динамик Стерео жұп немесе Көлемді дыбыс динамигі ретінде орнатылған жағдайда, бөлек қолдану үшін оны алдымен қолданбада ажырату керек.

9 Құлақтандыру

Осы құрылғыға MMD Hong kong Holding Limited анық мақұлдамаған өзгертулерді енгізу салдарынан пайдаланушы өнімді пайдалану рұқсатының күшін жоюы мүмкін.

Сәйкестік



Осы құжатпен TP Vision Europe BV компаниясы осы өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады:
www.philips.com/support.

Қоршаған ортаны қорғау

Ескі өнімді қоқысқа тастау



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Өнімдегі осы таңба ол 2012/19/EU Еуропа директивасында қамтылғанын білдіреді.



Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық өнімдер мен батареяларды

бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестіріңіз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Қажетсіз қаптама материалдарын қолданбаймыз.

Қаптаманы үш материалға бөлуді жеңілдетуге тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (аралық қабат) және полиэтилен (қаптар, қорғайтын көбік материал)

Жүйеңіз мамандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өңдеуге және қайта қолдануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

FCC мәлімдемесі (тек АҚШ және Канада үшін)

Осы құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс: (1) осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және (2) осы құрылғы түскен кез келген кедергіні, оның ішінде құрылғы жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.



Ескерту

- Сәйкестікке жауапты тарап анық растамаған өзгертулерді енгізу пайдаланушының жабдықты қолдану құқығын жоюы мүмкін.



Ескертпе

- Осы жабдык сынақтардан өткізіліп, FCC ережелерінің 15-бөлімінде көрсетілген В сыныбындағы цифрлық құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес келетіні анықталған.

Осы шектеулер тұрғын жерлерде зиянды кедергіден қисынды деңгейдегі қорғанысты қамтамасыз ету үшін белгіленген.

Осы жабдық радиожилілік қуатты түзеді, қолданады және шығаруы мүмкін, сондықтан нұсқауларға сәйкес орнатылмаған және қолданылмаған жағдайда, ол радио байланысқа зиянды кедергі жасауы мүмкін. Дегенмен белгілі бір жағдайларда кедергі болмайтынына кепілдік берілмейді. Осы жабдық қабылданатын радио немесе теледидар сигналдарына зиянды кедергі жасаса (оны өнімді өшіріп-қосу арқылы тексеруге болады), пайдаланушы төмендегі шаралардың біреуін немесе бірнешесін қолдану арқылы кедергіні жоюға әрекет жасағаны жөн:

- (1) Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қою.
- (2) Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру.
- (3) Жабдықты қабылдағыш жалғанып тұрған электр тізбектен басқа тізбектегі розеткаға жалғау.
- (4) Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау.

РЖ туралы ескерту мәлімдемесі

Құрылғының жалпы РЖ әсеріне қатысты талаптарға сәйкес келетіні анықталған. Құрылғыны тасымалы әсер ету жағдайларында шектеусіз қолдануға болады.

IC-Canada :CAN IECES-3(B)/NMB-3(B)

Осы құрылғыда Канада Инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігінің лицензия талап етілмейтін RSS стандарттарына сәйкес келетін лицензия талап етілмейтін таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс

- 1 Осы құрылғы кедергі жасамауы тиіс.
- 2 Осы құрылғы кез келген кедергіні, оның ішінде құрылғы жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.

Сауда белгісіне қатысты құлақтандыру



DTS патенттерін мына жерден қараңыз: <http://patents.dts.com>. DTS, Inc. компаниясының (бас кеңсесі АҚШ/Жапония/Тайвань елдерінде орналасқан компаниялар үшін) немесе DTS Licensing Limited компаниясының (басқа барлық компаниялар үшін) лицензиясы бойынша өндірілген.

DTS, Play-Fi және DTS Play-Fi логотипі — DTS, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері. 2020 DTS, Inc. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ҚОРҒАЛҒАН.



Wi-Fi CERTIFIED логотипі — Wi-Fi Alliance® ұйымының сертификациялық белгісі.



Осы AirPlay 2 функциясы бар динамикті басқару үшін iOS 11.4 не одан кейінгі нұсқа қажет. «Works with Apple» белгісі аксессуар белгіде көрсетілген технологиямен жұмыс істейтіндей арнайы жобаланғанын және оның өзірлеушісі аксессуардың Apple компаниясының өнімділік стандарттарына сәйкес келетінін растайтынын білдіреді. Apple® және Airplay® — Apple Inc. компаниясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.



Spotify бағдарламалық құралы мына жерден көруге болатын үшінші тарап лицензияларына сәйкес қолданылады: www.spotify.com/connect/third-party-licenses.



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының меншігіндегі тіркелген сауда белгілер және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мұндай белгілерді кез келген жерде лицензия бойынша қолданады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары тиісті иелерінің жеке меншігінде.



Google, Google Play және Chromecast built-in — Google LLC компаниясының сауда белгілері. Google көмекшісі кейбір тілдерде және елдерде қолжетімді емес.



Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Ең соңғы жаңартулар мен құжаттарды мына сайтан қараңыз: www.philips.com/support.

Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілгері ретінде әрекет етеді.

